

## Мешітке ұстаз тағайындалды

Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы, бас муфти Ержан қажы Малғажыұлының бұйрығымен Екібастұз қалалық мешітіне Алматы Ислам университетінен қари Салман Хадиршаев ұстаз болып тағайындалды.

Салман Абдулхафизұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында дүниеге келген. Ұлты тәжік. 2007-2008 жылдары Шымкент қаласындағы «Дәр әл Арқам» Құран Кәрім орталығында оқып, 30 пара құранды жаттап, «Қари» дәрежесінде бітірген. 2008-2013 жылдары «Нұр-Мубарак» Египет ислам мәдениеті университетін тәмамдады. 2013-2015 жылдары Мақтаарал аудандық мешітінде имамның көмекшісі қызметін атқарды. 2015 жылдан Екібастұз қалалық мешітіне ұстаз болып тағайындалды. Үйленген, екі ұлы бар. Сонымен бірге, имамның жұбайы Зәуре Шадиева қалалық мешіттің әйелдерге арналған ұстазы болып бекітілді.

